

Түркістан облысы, Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты "Шақпақ" негізгі орта мектебінде "Бала тәрбиесіне байыпты қарайық ..." атты тренинг өткізілді. Тренингке қамқоршылық кеңесінің мүшесі Б. Бейсебаев, әжелер ұйымының мүшесі Х. Жиенкулова, ата-аналар комитетінің төрағасы Д.Дүйсебеков және білім алушылардың ата-аналары қатысты.

Тренингтің негізгі мақсаты: Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесіне әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату және ұлттық сананы бойына сіңіру. Ата-аналардың тығыз байланысын арттыру. Балалар мен бірге мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету.

Тренинг бағдарламасы:

- 1.Танысу, жаттығу
2. Топқа бөлу;
3. Ой жинақтау;
4. Жанұя ойыны;
5. Ситуациялық сұрақтар;
6. "Ашық айтсам... " анкетасы
- 7.Қоқыс жәшігі.

Тренинг барысында ата-аналар белсенділік танытып, ойын, сұрақтарға белсене қатысып отырды

